



20-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМДІК САЯСАТТЫҢ ЖАҒАҢДАЛУЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ Кедейлік және әлемдік даму





Кедейлік, аштық және олардан туындайтын жағдайлар, әлемнің барлық бөліктерінде бар және үшінші әлем елдерінің тұрғындары әлі де әлемдегі ең кедей адамдардың көпшілігін құрап тұр. Онымен қоса, әлемнің дәстүлі түрде «оңтүстік» немесе төмен дамыған елдер деп аталатын бөлігімен шектелмейді.

2000 жылы БҰҰ күрделі проблемаларды мойындады және Мыңжылдықты дамыту мақсаттарын құрды (МДМ). Онда сегіз саладағы уақыттық шектеулері бар және сандық бағалауға келмейтін мақсатты белгіледі: кедейліктен бастап денсаулық, жыныс, білім, қоршаған орта және дамуға дейінгі салалар қамтылды. Мыңжылдықты дамыту мақсаттары (МДМ) — бұл сегіз халықаралық даму мақсаты, БҰҰ 193 мүше мемлекеті және кемінде 23 халықаралық ұйым оған қол жеткізуді көздейді. Мыңжылдықты дамыту мақсаттары 2000 жылы қол қойылған БҰҰ Мыңжылдық декларациясының сегіз тарауының негізінде әзірленген болатын. Сегіз мақсат пен 21 міндет суретте көрсетілгендей құрылған.

Кедейлік

Ақшаға және жұмыссыздық пен жұмыспен толық қамтылмау идеясына негізделген кедейліктің негізгі түсінігі бағыстық мәдениеттің жаһандануы мен жаһандық еркін нарықты ілеспелі кеңейту нәтижесінде туындады. Бұл – сана, тәжірибе және ойлаудың ерекше әлеуметтік-экономикалық ақыл-ой жүйесін қалыптастыратын бай, дамыған әлемде шешім қабылдайтын адамдар құрған идея.

2015 жылдың қазан айынан бастап кедейліктің жаңа жаһандық деңгейі 1,90 АҚШ долларына дейін көтерілді. БҰҰ Даму бағдарламасы және Оксфорд кедейлік пен адам дамуы жөніндегі бастамасы 2018 жылы кедейлік мәселесі бойынша зерттеу өткізді. Зерттеу әлем халқының 75%-ы немесе 5,7 миллиард адам тұрып жатқан 105 елді қамтыды. БҰҰ деректері бойынша, оның ішінде 23,5% (1,3 миллиард) адам кедейлік шегінде өмір сүріп жатыр. Олардың жартысына жуығы (46%) «асқан кедейлікте» өмір сүреді және денсаулық сақтау мен білім беру жүйесіне қолжетімділігі жоқ. Бұл ретте, олардың 49,7%-ы кәметекке толмаған кедейлер.

Аштық

Дүние жүзінде 800 миллионға жуық адам созылмалы аштықтан зардап шегеді, алайда аштықтың негізгі себебі - азық-түлік тапшылығы емес. ААҰ (Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы) бағалауы бойынша, 1980 жылдардың ортасынан 17 пайызға өскен әлемдік азық-түлік өндірісі, әлемдегі саны артып келе жатқан шамамен 8 миллиард халықты қамту үшін жетіп артылады. Алайда, бағалауға сәйкес, 2050 жылға қарай азық-түлік өндірісі 9,6 миллиард адамға жетеді деп болжанатын халық санын асырау үшін 60 пайызға артуы керек.

Аштық проблемасын зерттеуге көмектесетін екі тәсіл бар: проблеманы халықтың тығыздығы нәтижесіндегі проблема деп айқындайтын, табиғатқа бағдарланған ортодоксалды тәсіл және проблеманы азық-түлікті бөлу тұрғысынан қарастыратын, қоғамға бағдарланған тәсіл.

Әлемдегі аштық ауқымын қарастырайық.

Негізгі факторлар мен цифрлар

1. 2017 жылғы әлемдегі аш адамдардың саны: 821 миллион немесе планетаның әрбір тоғызыншы тұрғыны
2. Азияда: 515 миллион
3. Африкада: 256,5 миллион
4. Латын Америкасында және Кариб бассейнінде: 39 миллион
5. Бойы өспей қалған, 5 жасқа дейінгі балалар (өз жасына бойы тым төмен): 150,8 миллион (22.2%)
6. Төмен салмақтан зардап шегуші, 5 жасқа дейінгі балалар (өз бойына салмағы тым төмен): 50,5 миллион (7.5%)
7. Артық салмақтан зардап шегуші, 5 жасқа дейінгі балалар (өз бойына салмағы тым жоғары): 38,3 миллион (5.6%)
8. Анемиямен ауыратын, репродуктивтік жастағы әйелдер үлесі: 32.8%
9. Тек емшек сүтімен қоректенген, 6 айға дейінгі нәрестелер саны: 40,7%
10. Семіздіктен зардап шегуші ересектер: 672 миллион (13% немесе әрбір сегізінші)



Кітап: Әлемдік саясаттың жаһандануы. Халықаралық қатынасқа кіріспе

Дәріс: Кедейлік және әлемдік даму

Кедейлік немесе өте кедейлік, абсолюттік кедейлік - тамақ, ауыз су, санитария, денсаулық сақтау, тұрғын үй, білім беру және ақпарат секілді адамның негізгі қажеттіліктерінің тапшылығымен сипатталатын жағдай.

Әлеуметтік қамсыздандыру - мемлекеттің, әлеуметтік топтың немесе сыныптың, отбасының, жеке материалдық, қаржылық, әлеуметтік және рухани артықшылықтарын қамтамасыз ету.